



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7M04102- Менеджмент (бейіндік)

**БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
МАҚСАТЫ**

заманауи пәндік, коммуникативтік, сандық, кәсіпкерлік құзыреттілікке, жоғары өнімді қызметті ұйымдастыруға қабілетті тиімді басқару шешімдерін қабылдау дағдыларына ие менеджмент саласындағы магистрді даярлау

**КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ
САЛАСЫ**

Білім беру және бизнес, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және өндірістік-басқару қызметі, басқарумен байланысты мемлекеттік реттеу

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1- ғылым мен ғылыми танымның рөлін түсінеді, оның құрылымы, нысандары мен әдістері, басқару қызметінде ғылым, техника мен технология жетістіктерін пайдаланумен байланысты әлеуметтік және этикалық проблемалар туралы түсінікке ие;

ОН2- экономикалық объектілердің қызметін талдайды, басқару стратегиясының ғылыми негізделген таңдауын жасайды, ұйымдарды басқарудың іргелі мәселелерін шешу үшін басқарудың қолданыстағы теориялары мен тәжірибелерін сыни бағалайды;

ОН3- стратегиялық басқару жүйесіндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданыстағы стратегиялардың мониторингі нәтижелерінің негізінде Компанияның даму стратегиясын әзірлейді; кәсіпорынды басқару стратегиясының экономикалық негіздемесінің есебін жүргізеді;

ОН4- инновациялық жобалардың бизнес-жоспарларын жасайды, маркетингтік, өндірістік және қаржылық талдау әдістерін қолдана отырып, жобалардың іске асырылуы мен пайдалылығын негіздейді;

ОН5- білікті қызметкерлерді тарту, ынталандыру және ұстап тұру, көшбасшылық негізінде жоғары өнімді командаларды қалыптастыру, жанжалдарды шешу және этикалық қағидаларды сақтау үшін персоналды басқарудың тиімді стратегияларын пайдаланады;

ОН6- кәсіби және күнделікті тақырыптарға мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде сөйлесе алады, этномәдени және конфессиялық айырмашылықтарды және қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, көп мәдениетті ортада кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдерін біледі;

ОН7- стандартты емес жағдайларда әрекет ете алады, қабылданған шешімдер үшін әлеуметтік және этикалық жауапкершілікті көтереді, шешімдерді әзірлеудегі және ұйым қызметіндегі проблемалардың жүйелік себептерін бағалайды;

ОН8- экономикалық саясат, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, Инновациялық менеджмент және стратегиялық шешімдер қабылдау саласында жүзеге асырылатын іс-шараларды бағалау бойынша аналитикалық материалдарды дайындайды